

## ДОСЫБАЕВА АЙТКҮЛ БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

филология ғылымдарының кандидаты



*Досыбаева Айткүл Бейсенбайқызы* 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданында дүниеге келген. 1978-1988 жылдары қазіргі М.Шаханов атындағы орта мектепті бітірген. 1989 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1994 жылы аяқтаған. 1994-1998 жылдары Алматы қаласы, Бостандық ауданы №21-мектеп-лицейінде, 1999-2005 жылдары Алмалы ауданы №144-мектеп-гимназиясында орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып еңбек еткен. 2003 жылы «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» Алматы қаласы, Алмалы ауданы әкімінің және «Ауданның оқу жүйесіне қосқан шығармашылық еңбегі және жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту ісіндегі үздік жетістіктері үшін» аудандық оқу бөлімінің алғыс хаттарымен марапатталған.

2005 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңесінде ф.ғ.д., профессор Р.Тұрлыбековтің жетекшілігімен, «Ж.Аймауытұлының шығармашылық шеберлігі» атты кандидаттық диссертация қорғады. 2005-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде, 2011 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақ тілі және қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарып келеді. 2010 жылы «Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылығы» атты оқу құралы және «Жүсіпбектану» пәнінен лекциялар жинағы (I-II бөлім) жарық көрді. 20 ғылыми-зерттеу мақалаларының авторы.